

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыздағы № 73 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 2597 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 01.04.2015 № 85 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 18 ақпанындағы № 103 қаулысымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 5 тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия көлемдері:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.Оспановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.

Г.С.Исаева

« ____ » _____ 2014 жыл

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыз
№ 73 қаулысына 1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялар көлемі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 27.10.2014 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем
Ірі қара мал шаруашылығы			
	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	174 318
Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	27 367
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	1 831
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	142
2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	1 696
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан)	бас	191
3.	Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы		
1)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан, Канададан)	бас	381
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы			
4.	Ата-тектік, ата-енелік нысандары бар отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан асыл тұқымды жұмыртқаларды сатып алу		
1)	асыл тұқымды жұмыртқа (ақырғы)	дана	900 190

Шошқа шаруашылығы			
5.	Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу	бас	3 000
Қой шаруашылығы			
6.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы	бас	226 200
7.	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	18 000
8.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	200
9.	Асыл тұқымды түйелерді сатып алу	бас	200

Оңтүстік Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыз
 № 73 қаулысына 2-қосымша

Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялар көлемі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 27.10.2014 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем
Ірі қара мал шаруашылығы			
1.	Сыыр етін өндіру үшін мал азығы құнын арзандату		
1)	2 деңгей	тонна	1 000
2)	3 деңгей	тонна	2 455,816
2.	Сүт өндіру үшін мал азығы құнын арзандату		
1)	3 деңгей	тонна	8 500
Етті бағыттағы құс шаруашылығы			
3.	Құс етін өндіру үшін азық құнын арзандату		
1)	3-деңгей	тонна	2 175
2)	күрке тауық еті	тонна	5 980
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы			
4.	Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату		
1)	2 деңгей	мың дана	120 000
Шошқа шаруашылығы			
5.	Шошқа етін өндіруге арналған азық құнын арзандату:		

1)	шошқа еті	тонна	900
	Қой шаруашылығы		
6.	Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:		
1)	кой еті	тонна	800
2)	биязы жүн	тонна	92,308
	Жылқы шаруашылығы		
7.	Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:		
1)	жылқы еті	тонна	400
2)	қымыз	тонна	600
	Түйе шаруашылығы		
8.	Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:		
1)	түйе еті	тонна	181,040
2)	шұбат	тонна	1063,753

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК